

Б. Н. Жорабекова, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: Н. Т. Саханова, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕ ПОЛИГРАФТЫ ҚОЛДАНУ

Ғылыми техника үнемі дамып, жетілдіріліп отырады. Сөйтіп, кеше тек қана сарапшының пайдалануында болған дүниелерді бүгін маман немесе тергеуші қолданып жүреді.

Өкінішке орай, жеткілікті түрде сынамалаудан өтпеген, проблемалы жорамалдарға немесе тұжырымдамаларға негізделген, кейде шет елдерде жасалған техникалық құралдар тергеу практикасына қоймай-қоймай ұсынылатын жағдайлар болып тұрады. Мүмкін, өздерінің жасалған жерінде бұл құралдардың қолданылуы ақталатын болар. Бірақ бұған қарап, біздің еліміздің жағдайында оларды қолдану оң нәтижелер әкеледі деп ойлауға болмайды.

1970-80 жылдарда арнайы әдебиеттерде тергеу практикасында полиграфты пайдалануға қағидатты тұрғыда жол беру мәселесі бойынша қызу пікірталас болды. Полиграфты пайдалану проблемасы адам құқықтары жөніндегі халықаралық семинарларда талқыланып жатты (Нью-Йорк – 1958 ж., Вена – 1960 ж., Попово (Польша) – 1977 ж. және т. б.)¹.

Қазыргі таңда полиграфты белсенді түрде пайдаланатын елдердің ішінде АҚШ, Канада, Жапония, Түркия, Оңтүстік Корея, Израиль және Ресей Федерациясын атауға болады. 2000 жылға таман дүние жүзінде 57 мемлекет полиграфты пайдаланатын, бұл әлем елдерінің 25 %-ға жуығын құрайды².

Біздің көз қарасымыз бойынша Қазақстан Республикасында полиграфты қолданудың құқықтық негізі болып Қазақстан Республикасының ҚДЖК 129-бабы. «Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар» табылады. Бұл бапта «Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу про-

цесінде ғылыми-техникалық құралдарды қылмыстық процесті жүргізуші орган, сондай-ақ сарапшы және маман өздері осы Кодексте көзделген іс жүргізу міндеттерін атқаруы кезінде пайдалана алады.» делінген. Бірақ, Заңда да, өзге де нормативтік актілерде де осы ғылыми-техникалық құралдардың нақты тізімі көрсетілмеген. Сондықтан бұл жерде ПОЛИГРАФ, яғни адамның физикалық жағдайына, рефлексстердің механикалық ішкі өзгерістерін қағыш алып, оларды электрлі дабылға айналдырып, сәйкес диаграмма түрінде көрсететін техникалық құрал туралы сөз қозғасақ қате болмайды дейміз.

Полиграфты пайдаланумен өтетін тест — психологиялық сынақ. Оның қырларының: аспаптың өзінің және онымен жұмыс істеу әдістемесінің, полиграф операторының және оның біліктілігінің, оператор жасап шығарған сынақ жағдайларының маңызы бар.

Полиграфты сынаудың күшті жақтары мынада: жауап беру кезінде адамның шындығын білдіріп қоятын эмоциялық уайымдау объективтік, сана бақыламайтын физиологиялық айғақтар түрінде бейнесін табады. Осы орайда адамның ішінде не болып жатқанының объективтік жазбасы, яғни ең мұқият тексерілетін тұлғаның көмегімен алынатын құжат пайда болады және оның тікелей өзінің көзінше айқындалған фактілерден алшақтауына қиын болады³.

Полиграфта текскрудің өзіндік ерекшеліктері мен әлсіз тұстары да бар. Оларды назардан шығармау керек. Бұл әдістеме қажеттінің бәрін 100% көлемде береді деп айтуға болмайды. Полиграфтан сынақтан өтуге кез келген адам жарай бермейді, өйткені ең қарапайым сұрақтарға жоғары эмоциямен жауап қайтаратын эмоциясы өте қозғыш адамдар да болады. Оның көмегімен тексеруге тиым салынған жағдайлардың тізімі бар. Мысалы, есірткінің, алкогольдің әсеріндегі адамдар.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып мына төмендегі ережелерді заңнама жүзінде бекітуді ұсынамыз:

1. Полиграфты пайдалану жауап алынатын адамның келісімімен жүзеге асырылуы.
2. Оның нәтижесін процессуалды түрде рәсімдеуге және дәлелдеме ретінде қолдануға.
3. Сынақтың нәтижесін маманның қорытындысымен қатар жауап алынушыға және оның қорғаушысына, сонымен қатар заңды өкіліне берілуіне.
4. Полиграфиялық сынамаларды тек қана арнайы дайындықтан өткен, тиісті рұқсаты бар мамандардың жүргізуі.
5. Полиграфты қолдану туралы арнайы инструкция әзірлеу.

¹ ҚазҰУ хабаршысы. № 5-6. 2007 жыл.

² Отчет 2003 года Национальной академии наук США.

³ Положительные примеры использования полиграфа при раскрытии тяжких преступлений, М. Н. Жалнина, — Тамбов.